

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ В ДИРЕКЦИИ ТРУДЯТСЯ ПОРЯДКА 20 ТЫСЯЧ РАБОТНИКОВ ПУТЕВОГО ХОЗЯЙСТВА, ИЗ НИХ БОЛЕЕ 11 ТЫСЯЧ – МОНТЕРЫ ПУТИ. РАЗРАБОТАННАЯ СПЕЦИАЛЬНО ДЛЯ НИХ ПРОГРАММА ОБУЧЕНИЯ ПРЕДУСМАТРИВАЕТ НЕ ТОЛЬКО ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЗНАНИЙ, НО И РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТНО-ДЕЛОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ, НЕОБХОДИМЫХ В ЕЖЕДНЕВНОЙ РАБОТЕ.

Сакен РАХМЕТОВ,  
директор филиала АО «КТЖ» –  
«Дирекция магистральной сети»



№100 (3030)  
26/11/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ҚТЖ ҚҰРАМАСЫ – ЧЕМПИОН!

Астанада «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары арасында дәстүрлі спартакиада өтті. Биыл тоғызыншы рет ұйымдастырылып отырған дүбірлі додада «ҚТЖ» құрама командасы жеңімпаз болды. 11 алтын, 6 күміс, 3 қола медальді қанжығасына байлап, бірінші орын мінберіне көтерілген теміржолшылар командасы спартакиаданың Ауыспалы кубогын жеңіп алды. Кеше ҚТЖ басшылығы спартакиада жеңімпаздарын арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Назарбаев университетінің Атлетика орталығында өткен спорттық додаға республика бойынша 16 құрама командаға топтасқан 1000-нан аса адам қатысты. Олар өз компанияларының ішінен топ жарған кіл мықтылар еді. Шетінен «сен тұр, мен атайын» деп сайланып келген спортшылар футбол, баскетбол, волейбол, арқан тарту, үстел теннисі, армрестлинг, тоғызқұмалақ, асық ату, шахмат, жүзу және киберспорт – барлығы спорттың 11 түрін бақ сынады.

Үш күнге созылған спартакиадада «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының теміржолшы-спортшылары қай спорттың түрін болсын осал емес екендерін көрсетті. Ептілік пен



ерік-күш, шапшаңдық сынға түскен тартысты ойында баскетбол, футбол, волейбол командалары өз өнерлерімен жанкүйерлерін риза етті. Футболшылар ойыны өте тартысты өрбіді: ҚТЖ командасы теңбіл допты ұрышқыша иіріп, қарсыластарының қақпасына бірде салса, енді бірде өздері де жіберіп алып жатты. Өкінішке орай, осы жолы қарағандылық локомотив депосынан келген теміржолшы жігіттер футболда қанша тырысып бақса да, жолдары бола қоймады. Жеңіліс тапқан олар алғашқы бестікті аяқтады. Есесіне волейболшы қыздарымыздың ойыны көпті тәнті етті. Олар қарсылас командаларды шетінен ойсырата жеңіп, командалық рухтың қандай болатынын көрсетті. Доп соғудан да, допты қабылдап алудан да кәсібилерден кем емес шеберлік танытты. Осылайша волейболдан әй-

елдер командасы бірінші орынды иеленсе, ерлер командасы үшінші орынды қанағат тұтты. Келесі спорт жарысы баскетболдан болды. Бұл сайыста ҚТЖ командасы Қазмұнайгаз ойыншыларына есе жіберіп, күмістен алқа тақты. Ал киберспорттан ҚТЖ-ның жігіттеріне жететін ешкім болмады. Біздің киберспортшылар бәсекелестерін ойсырата жеңіп, алтын алды. Қазақтың ұлттық ойындары – асық ату және бес асық ептілік пен дәлдік, тапқырлық пен моторика шеберлігін қажет етеді. Бұл сайыста да ҚТЖ ойыншыларының асығы алшысынан түсіп, командалық жарыста айқын жеңіске жетіп, бірінші орын алды. Осылайша ҚТЖ-ның спортшылары командалық ойынды жоғары нәтижелермен қорығандылады.

(Жалғасы 4-бетте)

Суретті түсірген Нурсұлтан ИБРАЕВ

### ОБРАТНЫЙ МАРШРУТ: ПЕРВЫЙ КОНТЕЙНЕРНЫЙ ПОЕЗД

Новая веха в истории развития Транскаспийского транспортного маршрута – 24 ноября 2024 года состоялась официальная церемония запуска первого контейнерного поезда по обратному маршруту TMTM из Баку в Сянь через Казахстан.



Поезд, состоящий из 62 контейнеров с нефтяным коксом, пройдет по Транскаспийскому транспортному маршруту в рамках «обратной загрузки» и достигнет пункта назначения всего за 12 суток.

Сервис организован АО «KTZ Express» в партнерстве с Xian Free Trade Port (КНР), Absheron Logistics и ADY Express (Азербайджан). Данный маршрут открывает новые возможности для эффективной и быстрой транспортировки грузов между Западом и Европой.

Данная отправка – еще одно неоспоримое доказательство того, что на сегодня TMTM представляет собой надежный и безопасный маршрут, который не только сокращает сроки перевозки, но и обеспечивает надежность и безопасность транспортировки грузов. Ранее аналогичный груз доставлялся автофурами через порт Трабзон с последующей морской транспортировкой в Китай, что занимало более 40 дней.

Асель ШАЙХИЙНОВА  
Фото автора

### Перевозки

## ДОСРОЧНО ВЫПОЛНИЛИ!

Доставка снова бьет рекорд. План по передаче экспортных грузов в Китай был выполнен досрочно. Достижение этого результата стало возможным благодаря слаженной работе всех участников перевозочного процесса, что позволило обеспечить своевременную транспортировку грузов и укрепить международное сотрудничество в области железнодорожных перевозок.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Достык

24 ноября 2024 года через пограничный переход Достык на станцию Алашанькоу (КНР) был передан грузовой поезд в составе 34 вагонов, весом 2 908 тонн. Стоит отметить, что с начала года через станцию Достык в КНР передано свыше 12 миллионов тонн экспортных грузов. На экспорт отправлены зерновые, уголь, руда, масло, калий, кокс, цинк, феррохром, ферросплав и другие грузы.

Досрочное выполнение плана передачи

экспортных грузов в КНР подтверждает высокий уровень взаимодействия и поддерживает эффективное сотрудничество между двумя странами. Этот результат подчеркивает значимость совместных усилий в развитии международных транспортных коридоров и укреплении экономических связей.

Умелое руководство Алматинского отделения грузовых перевозок стало ключевым фактором успешного выполнения поставленных задач. Высокий профессионализм продемонстрировали маневровые диспетчеры, дежурные по станции, дежурные поста электрической

централизации, агенты по передаче грузов, а также диспетчерский аппарат РЦУП-2 Алматы обеспечивал передвижение и доставку грузов. Слаженная работа этих специалистов стала ключевым фактором успешного и оперативного выполнения поставленных задач.

Директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов подчеркнул, что этот успех является важным шагом в укреплении международного сотрудничества и повышении конкурентоспособности железнодорожных перевозок.

Фото Данияра БИМАШЕВА



Медет ҚОЛДАСОВ,  
ҚТЖ Қозғалыс қауіпсіздігі  
департаментінің Жамбыл уәкесі  
бойынша бас ревизоры:

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАУАПҚЕР-ШІЛІГІ – ТЕМІРЖОЛДА АБСОЛЮТТІ БАСЫМДЫҚА ИЕ. ЖАМБЫЛ БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША БІЗ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗЕТІН ТЕМІРЖОЛДЫҢ ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 1236,3 ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙДЫ. ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ САҚТАЛУЫН ҚАТАН ҚАДАҒАЛАП, ӘРБІР ЖАҒДАЙҒА ЗЕРДЕЛЕУ ЖҮМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗЕМІЗ. БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР БАР. БАҚЫЛАУ-ҚАДАҒАЛАУ ЖҮМЫСТАРЫ БОЙЫНША НӘТИЖЕНІ АРТТЫРУ – МАҚСАТЫНДА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІП, СОЛ АРҚЫЛЫ ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ҚАУІПТІ ЖЕРЛЕРДІ АНЫҚТАЙМЫЗ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАЗІРГІ ТАҢДА МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫНА ҚАРАСТЫ ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА

## 20 000

ЖҮМЫСШЫ ЕҢБЕК ЕТЕДІ. ОЛАРДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫН ЖОЛ МОНТЕРЛЕРІ ҚҰРАЙДЫ.

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ МАМЫР-ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША

## 36,8 МЛН ТОННА

КӨМІР ТАСЫМАЛДАҒАН.

БИЫЛҒЫ ОН АЙ ІШИНДЕ ДОСТЫҚ ТҮЙІСПЕ СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКЕН ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

## 15,2 МЛН ТОННА

ҚҰРАҒАН.

### ЖОЛДАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ – ЖАУАПТЫ МӘСЕЛЕ

Теміржол инфрақұрылымын талапқа сай күтіп ұстап, тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізіп отыру – олардың қауіпсіз қызметін қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіш. Жақында «Магистраль» сарапшылар форумы алаңында теміржол саласының мамандары «Жолдарды жаңғырту: мәселелері, әлеуеті және болашағы» деген тақырыпта талқылау өткізді.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Талқылауға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясының Жол және құрылыс департаментінің бас менеджері Назар Шамшиденов, дирекцияның Техникалық департаментінің директоры Анатолий Әбдірахманов, тағы басқалар қатысты. Олар Қазақстандағы жол инфрақұрылымын жаңғырту бірқатар маңызды стратегиялық мәселелерді шешу үшін қажет екенін ортаға салды. Атап айтқанда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жолдардың өткізу қабілетін арттыру, жүк құрамдарының жолдағы жүретін

уақытын қысқарту, бәсекеге қабілеттілікті күшейту, экономиканы ынталандыру, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, т.т. мәселелерді шешуге септік ететіні сөз болды.

– 2024 жылы жазғы жол жұмыстарын орындағаннан кейін жолаушылар пойызының жылдамдығын 362,3 км-ге, жүк пойыздарының жылдамдығын 215,4 км-ге, контейнерлік пойыздар жылдамдығын 268,5 км-ге арттыру мүмкін болды. 2023-2028 жылдары ел теміржолында ұзындығы 11 мың км жолға жөндеу жүргізу жоспарланған. Биыл жылдың соңына дейін соның ішінде осы жылға жоспарланған 1400 км жол

бойынша жөндеу жұмыстары аяқталады. Сонымен қатар бағыттама бұрмаларын да ауыстыру жұмыстары жүргізілуде, – деп мәлімет келтірді Назар Шамшиденов.

Сонымен қатар ол жол жөндеудің жаңа әдістері туралы да баяндады. Пойыздардың кешігуіне де осы жөндеу жұмыстары себеп болатынын жасырмады. Ал жөндеу жұмыстары қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды болғандықтан кейбір қолайсыздықтарға қарамастан теміржолшылар оны кестеге сай жүргізуге мүдделі. Сондай-ақ ол пойыздардың кестеден кешігуіне жолға шығып кететін бақылаусыз қалған мал да үлкен «үлес»

қосып отырғанын алға тартты. Бұл ретте ол жолшылар тарапынан профилактикалық шаралар, түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізіліп жатқанын, бірақ оның нәтижесі аз екенін айтты. Оған қоса адамдардың белгіленбеген жерден өтуі, өткелдерде көлік жүргізушілерінің рұқсат етілмесе де жолдан өтуге ұмтылуы, т.т. факторлар машинистердің оқыс тежеу жасауына әкеліп, бәрі айналып келгенде қозғалыс жылдамдығына кері әсер ететінін мәлімдеді.

Ал Анатолий Әбдірахманов қазір теміржолда қысқы маусымда жұмыс істеуге қызу дайындық жүріп жатқанын айтты. Ал жұмыс жоспары қыс түспес бұрын жасалып қойған.

– Басты мақсат – теміржолды отын-энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету, қысқы жұмыс кіндіктерін түгендеу, ғымараттар мен мекемелерді жөндеу, тазалау, дайындау, алғашқы қыстаушыларды қыста жұмыс істеуге оқыту. Бұл жұмыстардың бәрі жылдағыдай өзінің жүйесімен, жоспарлы түрде атқарылды, – дейді А.Әбдірахманов.

## ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

**Нұрбек БЕКЕН,**  
Астана



Жақында Астана қаласының Жоғары көлік және коммуникация колледжінде «Қолданбалы, өнеркәсіптік электроника және телекоммуникация жүйелері» зертханасы ашылды.



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2025 жылды «жұмысшы мамандықтары» жылы деп жариялап отырғаны белгілі. Атаулы жыл қарсаңында ашылып жатқан бұл зертхана шнайы өндіріске сәйкестендіріп жабдықталған жұмыс орны әрі өнеркәсіптік электроника және ақпараттық жүйелер саласында кешенді оқытуға арналған электрлік көлік стенді бар құзыреттілік орталық болып табылады.

Оқу үдерісін жақсартатын игі бастаманың мақсаты – электронды схемалардың процестерін тереңірек зерттеу, жұмыс істейтін электр көлігі және ақауларды енгізу блогы болып табылатын электронды жабдықтың және электрлік көлік тірегінің жұмыс сипаттамаларын талдау. Мұның бәрі темір жолға орта буынды жұмысшы мамандарын даярлайтын оқу орнында білім алушылар үшін өте маңызды.

Зертхананың ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Астана қаласы мәслихаты, Астана қаласының Қоғамдық кеңесі, Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы өкілдері, Колледждің әлеуметтік серіктестері: «City Transportation Systems» ЖШС, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және колледждің Индустриалды және қамқоршылық кеңесінің өкілдері қатысты.

*Суретті түсірген автор*

## ҮШ ТІЛДІ ҚАТАР МЕНГЕРУДЕ

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Шымкент



Мәдениетаралық коммуникациялық дағдыларды дамыту мақсатында «Әскерилендірген теміржол күзеті» ЖШС Түркістан филиалы аппаратының мамандары жыл басынан бері кезең-кезең бойынша үш тілді жетік меңгеруге бағытталған арнайы курстарда білім жетілдіруде.



Биылғы ақпан айынан бастау алған курс 4 айлық кезең бойынша жүргізілді. Алдымен ағылшын тілі, содан соң қазақ тілін оқыту тәмамдалған болса, осы күндері орыс тілін үйрету үдерісі жыл соңына дейін жалғасады деп жоспарланған. Ал сабақтарды Шымкент қаласының тілдер бойынша оқу-әдістемелік орталығының маманы өткізуде.

ӨТЖК Түркістан филиалы аппаратының өкілдері мұндай шара ҚТЖ басшылығының бастамасы негізінде жүзеге асып жатқан жоба екенін айтады. Яғни әрбір еншілес компания өздеріндегі кіріс-шығыс құжаттарын толық қазақ тілінде жүргізуін қамтамасыз ету үшін тіл үйрету орталықтарына жүгінуі тиіс болған. Қажеттілік туындаған жағдайда орыс және ағылшын тілін де еркін қолдану мүмкіндігі қарастырылғаны белгілі.

Біз Шымкент қаласының тілдерді дамыту орталығына хатпен шығып, олар тіл мамандарын біздің мекемеге арнайы жолдады. Бірнеше айға жоспарланған жоба аясында ондаған әріптесіміз үш тілді қатар меңгеріп келеді, – дейді ӨТЖК Түркістан филиалының кадр жөніндегі бөлім жетекшісі Салтанат Әмзекқызы.

Нәтижесінде мекемеде еңбек ететін әкімшілік-персонал санатындағы 10 қызметкер 4 ай бойы қазақ тілінде білім жетілдіріп, арнайы сертификат алған. Жүз пайыз қазақтілді өңірде қазақ тілін оқыту – тіл үйрену емес, құжаттық деңгейде іс жүргізуге бағытталған.

Ал сәуір айынан бастап осы құрамға ағылшын тілін тегін оқыту курсы жүргізілген. Бұл кезеңде бірінші деңгей бойынша белгіленген мерзімде білім алып, тест тапсырған теміржолшы-күзетшілер де тиісті сертификаттарға иелік еткен. Қараша айы басталғалы ұжымда орыс тілін оқыту жүргізіліп жатыр.

Айта кетейік, бүгінде филиал жетекшісінің тапсырмасына орай мекемедегі ішкі айналым құжаттары 100 пайыз қазақ тілінде жүргізіледі. Мыңға жуық жұмысшыдан тұратын ұжымның 98 пайызын қазақ ұлтының өкілдері құрайды.

*Суретті түсірген автор*

## СТАНЦИЯ БАСШЫЛАРЫ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Осыған дейінгі шаралар қатарында танымдық ойын түріндегі түрлі сайыстар болса, биылғы жылы практикалық көрсеткіштерді қамтыған техникалық сабақтар өткізілді. Айта кетерлігі, аталған шараны бөлімше басшысы Алмас Сейсемқанов пен орынбасарлары өздері өткізіп, бастан-аяқ жүргізіп шықты.

Бөлімшедегі барлық станциялар бойынша ұйымдастырылған дәрістер негізінен қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін жайттардың алдын алуға бағытталған. Желі бойында өткен іс-шараларға кластан тыс және 1-ші, 5-ші класты станциялар басшылары толық құраммен қатысты.

Техникалық сабақтар барысында қозғалыс қауіпсіздігіне бірінші кезекте нұқсан келтіретін мәселелер талқыланды. Атап айтсақ, маневрлік жұмыстар барысындағы қауіпсіздік, сұрыптау дөңесіндегі қозғалыс жиілігін реттеу, жылдамдық режимін сақтау және нормативтік-техникалық құжаттарды рәсімдеу, жылжымалы құрамдар мен құрылғыларға күтім көрсету жайлы кеңінен

қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда станция басшыларының біліктілігі – бірінші кезектегі маңызды мәселе. Бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінде берері мол қызметтік дәстүр қалыптасқан. Атап айтсақ, жылдың әр мезгілінде станция басшыларының кәсіби шеберлігін шыңдап, білім-білігін арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіледі.



сөз болды. Бұл ретте тәжірибелі станция басшыларының пікірлері де тыңдалды. Мәселен, Шаған станциясының бастығы Айдос Тоқтаров, Жаңғызтөбе станциясы басшысы Азамат Нұрғалиев қызмет барысындағы тәжірибелерімен бөлісті. Мұнымен қатар кейбір техникалық құрылғылардың жұмысы және істен шығуы бойынша талдаулар да жасалды.

Сонымен қатар №971-ЦЗ бұйрығына сәйкес Аяғөз станциясы бойынша ай сайынғы оқу-көрсеткіштік комиссиялық тексерулер де жүргізілді. Аталмыш іс-шараларға қозға-

лыс шаруашылығының барлық мамандары, телімдік ревизорлар да қатысып, қызмет барысында жиі кездесетін күрделі мәселелер қатарын талқылады. Іс-шара барысында бағыттамалы бұрмалар күтімінен бастап, қабылдап-жөнелту жолдарындағы қауіпсіздік талаптары да қарастырылды.

Мұндай шараларды өткізудің маңыздылығы зор болып тұр. Біріншіден, алдағы қатал қысқа жоғары деңгейдегі даярлықпен кіру, екіншіден, өткен 10 ай бойынша бөлімше көлемінде орын алған, ревизорлық нұсқау кітабына енгізілген 213 ескерту бойынша нәтиже шығару қажет.

Айта кетсек, осыған дейін жүргізілген тексерулер барысында 14 станция басшысына, 5 локомотив шаруашылығы басшыларына, вагон шаруашылығының 4 басшысына арнайы жаза қолданылған еді. Жыл соңында бөлімше бойынша технологиялық процестерді орындау мен техникалық сабақтардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне де тиісті деңгейде көңіл бөлінетін болады.

*Суретті түсірген автор*

## ӨТКЕЛДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Күрделі жөндеу Маңғыстау – Өзен учаскесінде Маңғыстау – Р бекеті аралығы екінші шақырымдағы күзетпелі өткелде өтті. Теміржолмен қиылысатын автокөлік жолындағы қозғалысқа таңғы сағат 9-дан келесі күнгі кешкі сағат 17:00-ге дейін шектеу қойылып, жолшылар еш кедергісіз жұмыс істеді. Теміржолға қойылған настил ауыстырылып, ескі шпалдардың орнына темірбетонды жаңа шпалдар салынды. Жұмыс жүріп жатқан кезде жолдың қос тарапына хабарлама мен белгілер ілініп, арнайы мамандар жүргізушілерді ескертіп тұрды.

– Бұл – біздің дистанцияға қарасты 34 өткелдің бірі. Онда жоспарлы күрделі жөндеудің жүруіне байланысты Мұнайлы ауданының полиция бөліміне, әкімдігіне тұрғындар мен мекемелерді хабарландыру туралы хаттар жолданды. Арнайы белгілер қойылып, әлеуметтік желілер арқылы да хабарландыру жарияланды. Жол уақытша жабылып, барлық көліктерге Тамақ – Маңғыстау ст. аралығы 399-шақырымдағы күзетпелі теміржол

Маңғыстау жол дистанциясына қарасты теміржол өткелдерінің бірі жақында күрделі жөндеуден өткізілді. Жөндеу жұмыстарына байланысты өткелде көлік қозғалысы уақытша тоқтатылып, жол жабылды. Екі тәулікке жалғасқан жұмыс дистанцияның өз күшімен жүргізіліп, отызға жуық жолшы тартылды.



өткелінен және Маңғыстау ст. – «Р» бекеті аралығы 5-шақырымдағы көпір астымен өтуге ұсыныс берілді. Аталған өткелдегі рельстер кеңейіп, настил ескірген болатын. Сол себепті оған қажетті жаңартулар жүргізілді. ЖБ шпалдар төселіп, барлық жұмыс талапқа сай сапалы жасалуы қадағаланды, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Мұхтар Кулчынбаев.

Оның айтуынша, өткелдердегі пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және түрлі жол-көлік оқиғаларының алдын алу

бағытында атқарылып жатқан шаралар аз емес. Мәселен өткен айда жергілікті әкімдік, жол полициясы қызметкерлерімен бірлесіп Жаңаөзен, Қарақия, Мұнайлы, Маңғыстау аудандарында автокөлік иелерімен профилактикалық жұмыс жүргізілген. Жалпы мұндай шаралар ай сайын өтетін көрінеді. ШҚ, ЭЧ мекемелерінің қызметкерлерімен бірлесіп өткелдерді тексеру жұмыстары да жиі жүргізіледі. Жылына бір рет облыстық тиісті істер департаментімен бірлескен рейд өтеді. Сондай іс-шаралардың нәтижесі болса керек, биыл Маңғыстау жол дистанциясына қарасты өткелдерде бірде-бір жол-көлік оқиғасы тіркелмеген.

Дегенмен, жолшылар қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ететін шараларды тоқтатпай, керісінше күшейте түсуде. Қазір олар тиісті өткелдерге бір жолақты, көп жолақты, т.т. белгілер мен шлагбаум орнату бойынша бас қатыруда. Сонымен қатар ҚТЖ-ның Бас қауіпсіздік ревизоры Шақеновтің өткелдердегі қауіпсіздікті күшейту жөніндегі тапсырмасын басшылыққа ала отырып, бейнебақылау құрылғысын орнатуды жоспарлап отыр.

*Суретті түсірген автор*

## Әйтеке би – 20 жыл

### «ҒАСЫР ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

«Хромтау-Алтынсарин» магистралі бойында пайда болған Әйтеке би станциясына биыл 20 жыл. «Ғасыр құрылысы» атанған ғаламат теміржол құрылысы алыстағы ауыл тіршілігіне жан бітіріп, үлкен өзгерістер алып келгені рас. Жұырда айтулы датаға орай станцияда салтанатты шара өтіп, бірқатар теміржолшылар сала басшылығы мен аудан әкімдігінің марапатына ие болды.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Бүгінде Әйтеке би станциясында қайнаған өмір. Күрежолмен ерсілі-қарсылы зулаған құрамдар легі бір сәт те толастамай ағылып жатыр. Станция арқылы республика ішіне гана емес, шетелдерге де жүк жөнелтіледі, халықаралық байланыс бар. Шетелге астық, арнайы тәсілмен дайындалған саз балшық жібереді. Бұл жұмыстар үш кірме жол арқылы ұйымдастырылған. «Жайылыхан» ЖШС Кавказ, Өзбекстан, Самарқанд, Қиязы, Карши, Абылқ, Баяуит, Сергели секілді станцияларға астық жөнелтеді. Ал «Текше Тас» ЖШС саз балшығын Талдықорған, Сайрам, Минск, Полевской, Железнодорожная, Смышляевка, Жіңішке, Воронеж, Пустынка станцияларына тиеп жібереді.

Биыл тоғыз ай ішінде станциядан 498 вагон астық тиеліп, Кавказ, Самарқанд және Қаршы станцияларына жөнелтілді. Сонымен қатар Минск, Полевской, Железнодорожная, Тал-

дықорған, Сайрам, Смышляевка, Жіңішке, Воронеж, Пустынка станцияларына 512 вагон саз тиелді. Станцияға осы уақытта 234 вагон жүк түсіріліп, көмір, ұлтас, цемент, силикат және металл құбырлар жеткізілген.

Аудан негізінен егін, мал шаруашылығымен айналысады. Астық тиеу жұмыстары да қысы-жазы үзілмейді. Дикаңдар алған өнімін кептіріп, жылдың барлық мезгілінде тасымал қызметіне жүгінеді.

– Темір жол тартылған аумақта ең алдымен қатынас реттелді, жұмыссыздық азайды, тұрмыс жақсарды. 20 жыл бұрын бұл ауылдың тұрмысы басқаша еді. Тәуелсіздік жылдардан кейін жұмыссыздықтан қиналған ауыл халқы қалаға үдере көшіп, өңірде қаңырап бос қалған елдімекендер көбейді. Хромтау – Алтынсарин теміржолының салынуы шын мәнінде бұл өңірді түлеткен, тіршілігіне жан бітіріп, серпін берген ұлы жоба еді. Әйтеке би станциясы 2004 жылдың 19 қарашасында іске қосылды. 30 қарашада салтанатты ашылуы болды.

Жас станцияға жан-жақтан жас мамандар шақырылып, бүгінде аға буын атанған олардың қалыптасқан өз мектебі бар. Жиырма жыл бұрынғы мен бүгінгі салыстыруға да келмейді. Хромтау мен Әйтеке би станциясының аралығында Сарысай, Аққұдық, Жоса, Құдықсай, Ұйтас сынды станциялар бар, бәрі де ғасыр құрылысымен қатар пайда болған, – деді Әйтеке би станциясының бастығы Жандос Әбдіжәлеов.

Бүгінде Әйтеке би станциясында он шақты локомотив айналым депосы, техникалық бақылау пункт, белгі беру-байланыс, жол, электрмен жабдықтау дистанциялары, су-жылумен қамту, қалыпқа келтіру пойызы, өрт сөндіру пойызы, әскерилендірілген теміржол күзеті, т.т. құрылындар жұмыс істеп тұр. Станцияға 4 жолаушылар, 2 қаламаңы пойызы тоқтайды, жергілікті халықтың теміржол қатынасы сұранысына толық жауап береді.

*Суретті түсірген автор*



## ИСПРАВНОСТЬ ВАГОНОВ ОЧЕНЬ ВАЖНА



БЕЗОПАСНОСТЬ

**В Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24) одновременно проходят два важных мероприятия – четырехмесячник «Контроль боковой рамы» и месячник «Автосцепное устройство – особый контроль».**



**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Оба мероприятия начались 18 ноября и, по сути, служат одной цели – обеспечение безопасности движения. По информации начальника ПТО станции Оскемен-1 Шалкара Калмакпаева, еще до начала месячника «Автосцепное устройство – особый контроль», 8 ноября осмотры вагонов Асылжан Ардабаев и Жаркын Бейсенбаев обнаружили изломы и трещины в автосцепных устройствах двух вагонов. 13 и 18 ноября осмотры вагонов Айдын Мусин нашел дефекты автосцепок еще в двух вагонах. Сейчас полностью подтвердилась неисправность в вагоне, обнаруженная 8 ноября. Остальные три случая находятся на расследовании, и, по мнению Шалкара Калмакпаева, скорее всего, выявленные

дефекты также найдут свое подтверждение. Инструктор по авторемонтам и буксовому узлу ВЧД-24 Данияр Кенесбеков информировал, что месячник «Автосцепное устройство – особый контроль» по обеспечению безопасного проследования поездов по гарантийным участкам, улучшению качества ремонта грузовых вагонов при плановых видах ремонта, который будет проходить до 18 декабря, включает в себя обширный план мероприятий. Помимо развешивания аншлагов, информационных листов по допущенным случаям саморасцепки вагонов на железной дороге, в этот период организованы круглосуточные дежурства, постоянные предменные инструктажи с причастными работниками по качеству изучения технологии, методики обслуживания и проверки автосцепного устройства вагонов, техзанятия с практическим показом на учебных полиго-

нах. Также ежемесячно установлен контроль за проведением всего комплекса работ по неразрушающему контролю в Усть-Каменогорском вагоноремонтном депо (УКВРД), в соответствии с требованиями руководящих документов при выпуске грузовых вагонов с планового и текущего отцепочного ремонта.

Согласно графику, командный состав ВЧД-24 проводит целевые проверки цехов вагоноремонтного предприятия по качеству ремонта автосцепного устройства с проверкой съемных узлов его деталей. Работники ПТО, КПТО обеспечивают встречу поездов, согласно соответствующему приказу, обеспечивают контроль за техсостоянием вагонов в проходящих поездах. В графике основных мероприятий – внезапные проверки качества техосмотра на основных ПТО, КПТО на предмет соблюдения технологии осмотра, ремонта автосцепок вагонов. Проверки проводят командно-инструкторский состав, начальники, старшие осмотры вагонов.

Четырехмесячник «Контроль боковой рамы» продлится по 18 марта 2025 года. Он направлен на исключение случаев излома литых деталей тележек грузовых вагонов. В плане мероприятий – круглосуточные дежурства, инструктажи причастных работников, внеочередные техзанятия по методам выявления неисправностей литых деталей тележек грузовых вагонов с практическим показом, контроль за проведением всего комплекса работ неразрушаемого контроля деталей тележек и проверка тележечного цеха на УКВРД, а также проверки качества техосмотра на ПТО и КПТО, проведение на ТОР осмотра состояния опорной поверхности и зоны радиуса R-55 буксового проема боковых рам с выкаткой тележек из-под вагонов. В ВЧД-24 установлен круглосуточный контроль за выполнением технологии осмотра литых деталей тележек грузовых вагонов на ПТО и КПТО.

Фото автора

## Итоги

### РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ И ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИЙ

**Акмолинское отделение магистральной сети продолжает работу по развитию и модернизации инфраструктуры, что способствует улучшению качества обслуживания и безопасности движения. В этом году выполнен комплекс работ по обновлению ключевых объектов, включая тяговые трансформаторы на подстанциях Кокшетау, Ельтай и Уголки.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Кокшетау

Обновлена контактная сеть и проведен капитальный ремонт путевого хозяйства. В этом году отремонтировано 110,4 километра путей с использованием современных материалов, а также проведен средний ремонт 12 километров путевого полотна. Работы велись на участках Уголки – Карагай, Петропавловск – Смирново и Жана-Есиль – Первая Целинная. Эти мероприятия направлены на повышение надежности железнодорожной инфраструктуры и обеспечение безопасности движения поездов.

Важной частью работы отделения являются улучшение условий труда и создание комфортных условий для сотрудников.

Так, в текущем году на сети АО «НК «КТЖ» установлено более 160 мобильных зданий для проживания и отдыха железнодорожников путевого хозяйства Акмолинского, Алматинского, Костанайского, Павлодарского, Карагандинского, Жамбылского, Шымкентского, Кызылординского, Семейского, Актюбинского, Атырауского, Мангистауского отделений магистральной сети.

Кроме того, завершен ремонт 12 производственных зданий, а также начаты работы по ремонту и строительству



новых объектов, включая посты ЭЦ.

2024 год стал годом внедрения новых технологий управления перевозками. На участке Кокшетау – Астана была внедрена микропроцессорная система диспетчерской централизации, которая значительно улучшила эффективность и безопасность управления движением поездов. Продолжается модернизация диспетчерских кругов на участках Кокшетау – Петропавловск и других.

Фото автора

## СНИЗИТЬ РИСКИ



ПРОФИЛАКТИКА

**В Алматинском отделении магистральной сети состоялся круглый стол, на котором обсуждались меры профилактики для предотвращения наездов подвижного состава на посторонних лиц и скот, дорожно-транспортных происшествий на железнодорожных переездах, а также случаев хищения инфраструктурных устройств.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

В обсуждении приняли участие руководство отделения, представители транспортной полиции и работники районных акиматов. Открывая мероприятие, директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексенбиев отметил, что проведение подобной встречи очень важно и дает конкретные результаты. На встрече говорилось, что с начала года по Алматинскому отделению магистральной сети применено 128 экстренных торможений, с наездом на людей – девять. В том числе шесть травматических и три случая с летальным исходом. Основные причины допущенных наездов на людей являются личная неосторожность самих пострадавших, наличие алкогольного опьянения, факт суицидального характера.

Экстренных торможений с наездом на скот зафиксировано 89 случаев против 65 за аналогичный период в прошлом году. Дорожно-транспортных происшествий на железнодорожных путях – одно.



Дистанциями пути проведено 15 собраний с охватом 1 138 жителей. На перегоне Алматы-1 – Алматы-2 силами работников дистанций пути произведена вырубка деревьев на 5,5 километра с обеих сторон для обеспечения видимости машинистам и пешеходам. По недопущению правил выпаса и прогона скота через железнодорожные пути. В текущем году запланировано строительство ограждения в объеме 88,5 километра, на сегодняшний момент завершено 45 километров. Также ведется ремонт ограждения в объеме 1 403,3 километра, из них выполнено 734,2.

В рамках круглого стола особое внимание было уделено вопросам, связанным с наездами на лошадей. Участники подчеркнули, что одной из главных трудностей остается невозможность определить владельцев животных из-за отсутствия идентификационных чипов. Потенциально опасные места, где постоянно применяются машинистами поездов экстренные торможения, – перегоны Егінсу – Алажиде, Молалы – Караой, Кальпе – Коксу, Чильбастау – Копа, Жетғыген – Курозек.

В рамках профилактики наездов на животных была озвучена необходимость внедрения светоотражающих лент. Такое решение позволит повысить видимость животных в темное время суток,

особенно на участках с интенсивным движением поездов.

Говорилось и о необходимости строительства пешеходных мостов или подземных переходов на перегоне Алматы-1 – Алматы-2, где увеличиваются экстренные торможения. На сегодня направлены запросы в акиматы Карасайского, Илийского, Енбекшиказахского районов по предоставлению информации о выделенных пастбищах вблизи железнодорожного полотна для выпаса домашнего скота, но до сих пор не предоставлен ответ. Необходимо также в населенных пунктах станций Отар, Чильбастау, Копа, Жиренайгыр, Чемолган, Курозек, Егінсу, Алажиде, Молалы, Караой, Кальпе, Коксу, Тентек, Мойынқум, Копр, Айнабулак, Тауарасы, Койқырыккан, Майтобе, Дала, Алтындала провести собрания для решения вопроса об организации поочередного выпаса скота среди местных жителей.

В ходе встречи поднимался вопрос об охраняемом переезде на 4 028-м километре станции Шамалган, где на сегодняшний день не решен вопрос о закрытии данного переезда, хотя путь проведет через железную дорогу открыт и эксплуатируется.

В заключение встречи директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексенбиев отметил, что обеспечение безопасности на железнодорожных путях требует комплексного подхода, включая профилактическую работу, внедрение решений и активное участие местных органов и населения.

Фото автора

## В РЕКОРДНО КОРОТКИЕ СРОКИ

**Алуя ТЛЕУБАЙ,**  
Курык



АКТУАЛЬНО

**В порту Курык окончены дноуглубительные работы. В течение четырех месяцев генеральный подрядчик ТОО «Jan De Nul Kazakhstan» с помощью самого мощного на Каспийском море земснаряда Vesalius произвел углубление акватории, несмотря на особо твердые породы грунта, пролегающие в донной части порта.**



К работам были привлечены четыре судна компании ТОО «Jan De Nul Kazakhstan», буксиры и техника казахстанских подрядчиков, отечественные проектировочные и сюрвейерские компании, создано свыше 50 рабочих мест, непосредственно к работам на участке было привлечено 80 человек.

Объем изымаемого грунта составил более 990 000 кубических метров. На текущий момент глубины в акватории и поддном канале порта составляют от семи до восьми метров, что позволяет увеличить проходную осадку судов, обрабатываемых в порту и добиться их полной загрузки.

Таким образом, морские ворота страны – порт Курык трудится в том числе и над наращиванием объема перевалки зерна. Не так давно ТОО «Kaspi Grain Way» произвело отгрузку первой партии зерна с причала № 4 порта Курык. Общий объем первой партии составил 3 500 тонн.

Еще одна морская гавань страны – порт Актау – также показывает отличные результаты. В шесть раз за последние два месяца увеличилась перевалка зерна нового урожая через порт Актау, достигнув показателя 39,5 тысячи тонн в октябре текущего года. Это связано прежде всего с высоким урожаем и увеличением спроса на зерно и продукты переработки на внешних рынках потребления, таких как Иран и Афганистан.

К слову, только за первые две недели текущего месяца в порту Актау уже обработано порядка 23 тысяч тонн зерна, что дает основание полагать, что показатели перевалки зерна продолжат расти.

Фото автора

## ОБНОВИЛИ ПУТЬ

**Любовь РОВБА,**  
Астана



КАПРЕМОНТ

**ТОО «Теміржол жөндеу» официально завершило капитальный ремонт более 250 километров железнодорожного полотна.**

На 2024 год АО «НК «КТЖ» перед подрядной организацией был поставлен план реконструкции железнодорожного полотна в объеме 257,7 километра.

Во время путевых работ путь обновили на участках Акмолинского, Павлодарского, Семейского, Жамбылского, Шымкентского, Актюбинского, Мангистауского отделений магистральной сети.

Самый большой объем выполнен работниками ПМС Актюбе – 77,8 километра пути. Силами ПМС Астана капитально отремонтировано 65,4 километра, ПУ Шар – 61,1 километра, ПМС Берлик – 53,2 километра. Стоит отметить, что коллектив ПМС Берлик под руководством директора Азамата Молдахметова завершил работы раньше поставленного срока и с высоким качеством.

Плановый ремонт пути позволяет повысить надежность инфраструктуры и увеличить скорости движения поездов на обновленных участках.

Во время капремонта полностью удаляется и обновляется балластный слой, заменяются на новые рельсоопалыная решетка и стрелочные переводы, проводятся выправка, подбивка, стабилизация и т. д.

Кроме того, работниками ТОО «Теміржол жөндеу» выполнен средний ремонт железнодорожного полотна – проведены работы по переукладке станционных путей в объеме 25 километров.

Для эффективной работы по восстановлению путей в этом году было задействовано свыше 650 единиц спецтехники и подвижного состава, а также более 1 400 работников производственного персонала.

Всего в арсенале ТОО «Теміржол жөндеу» более тысячи единиц специализированной техники.

В среднем каждый год компания ремонтирует 250-270 километров железнодорожного полотна в Казахстане, а также участвует в реализации крупных инфраструктурных проектов, таких как строительство вторых путей Достык – Мойынты и капитальный ремонт 20-километрового участка в Молдове Бендеры – Джурджулешть.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы М. Тынышпаев атындағы «АЛТ Университет» АҚ президент-ректоры Әміргалиева Салтанат Нұрәділқызына және отбасы мен туған туыстарына жолдасы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Әміргалиев Еділхан Несіпханұлының мезгілсіз дүниеден озуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«КТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының басшылығы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Әміргалиев Еділхан Несіпханұлының мезгілсіз дүниеден озуына байланысты жұбайы Әміргалиева Салтанат Нұрәділқызы мен туған туыстарына қайғырып көңіл айтады.

№100 (3030) 26/11/2024

## УНИКАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ НА ВОКЗАЛЕ

На вокзале города Кокшетау есть где интересно скоротать время в ожидании поезда. На цокольном этаже круглосуточно открыт музей боевой и трудовой славы, созданный в 1981 году по приказу начальника Кокчетавского отделения дороги Лукпана Мухамедгалиева.



Площадь музея составляет 460 квадратных метров и состоит из залов боевой и трудовой славы, памяти и зала, посвященного структурным подразделениям Акмолинского отделения дороги.

Музей создан по приказу начальника Кокчетавского отделения дороги Лукпана Мухамедгалиева под номером 255 от 16 декабря в знак благодарности первостроителям дороги Петропавловск – Кокчетав, а также всему старшему поколению железнодорожников, перешагнувших за короткий исторический срок от керосиновой лампы и паровозной до высоковольтной энергетической системы и электровозов, — отмечает менеджер музея боевой и трудовой славы

Айжан Рахимова.

На сегодня здесь собрано более 1 000 экспонатов, отображающих историю развития и становления железнодорожного транспорта в Акмолинском регионе. Одним из уникальных экспонатов является железнодорожный станционный колокол. С его помощью работники вокзалов и станций оповещали о прибытии или отправлении поезда. Так, один удар означал внимание пассажирам, провожающим и отъезжающим, два удара наполняли, что нужно было занять места в вагоне, а если пассажиры слышали три удара, то это означало, что поезд трогался в путь.

— К еще одним из уникальных экспонатов можно отнести нивелир 1900 года, номера газеты

«Гудок» от 9 и 10 мая 1945 года.

Здесь опубликован указ товарища Сталина об объявлении 9 Мая праздником Победы. Их передал в фонд музея бывший начальник ПЧ Леонид Дмитриев. Также у нас имеется уникальный инструмент — железнодорожный станционный колокол. С его помощью работники вокзалов и станций оповещали о прибытии или отправлении поезда. Так, один удар означал внимание пассажирам, провожающим и отъезжающим, два удара наполняли, что нужно было занять места в вагоне, а если пассажиры слышали три удара, то это означало, что поезд трогался в путь.

железнодорожной больницы и подделки от воспитанников детского сада. Ведь они были открыты благодаря железнодорожникам, — рассказывает Айжан Рахимова.

Кроме того, здесь можно ознакомиться с макетом современного комплекса привокзальной площади. Над его изготовлением трудился художник-энтузиаст Сакен Кунгасов. Во втором зале можно проследить историю предприятия с самого ее начала: вот постановление правительства СССР за подписью В. И. Ленина о начале строительства железной дороги Петропавловск – Кокчетав (Петрокок) от 5 августа 1920 года.

Макеты тепловозов, керосинки, лампы обходчиков, старый телеграфный аппарат с настоящей лентой, рельсорезка, кусок узкоколейки, тормозной башмак, сигнальный фонарь — все экспонаты имеют свой временной отрезок и занимают в нем свое почетное место.

Сегодня одним из частых гостей музея являются учащиеся образовательных учреждений и студенты колледжа Бурбай. С начала года Айжан Рахимова провела около 80 экскурсий для 700 человек. По ее словам, каждая проведенная экскурсия придает ей новые силы, ведь музей на вокзале создавали для пассажиров.

Айлин БАУРЖАН  
Фото автора

## ТЕМІРЖОЛШЫ ТЕМІРЗАҚ

Біздің кейіпкеріміз екі жылы кем қырық жыл теміржолдың жол шаруашылығы саласында еңбек еткен, өз ісінің хас шебері. Аты да затына сай, темір жолдың бойында туған оны теміржолшы әкесі Темірзақ деп атапты.



Бұл — Сағыз станциясында 1967 жылы дүниесін ашқан Темірзақ Нұрбай. Әкесі Нұрбай Кетейбай темір жолда бас кондуктор болыпты. Анасы Рахима үй шаруасында, оғазасы мен бала-шағасының жайын жасаған. Ал кондуктор деген ол кезде өте жауапты әрі мазасы жұмыс болатын. Вагондардың қозғалысын реттеуші, қадағалаушы тұлға, оның рұқсатынсыз машинист пойызды орнынан қозғалтуға болмайтын. Сондай-ақ ұрлық-қарлықтың да болмауын қадағалайтын. Қазіргі тілмен айтқанда ревизор, вагон қараушы, әрі күзетші, әрі белгі беруші, т.б. жұмыстарды қатар атқара беретін.

Темірзақ Нұрбай 1982 жылы Ақтөбе теміржол техникумына түсіп, оны жол шаруашылығы мамандығы бойынша бітіріп шығады. Сосын сол кездегі бұлжымайтын тәртіп бойынша әскер қатарына шақырылып, Забайкальск әскери округында борышын өтейді. Старшина дәрежесіне дейін көтеріліп және взвод командирінің орынбасары болып әскери міндетін атқарады. Әскерден оралған соң өзі тандаған мамандығы бойынша сол кездегі №13 Гурьев жол дистанциясына Гурьев — Сағыз жол аралығының жол жөндеушісі болып жұмысқа тұрады. Содан бері, міне, 38 жыл бойына табан аудармай сол жолда еңбек етіп келе жатыр. Жол жөндеуші, жол бригадирі, жол шебері және аға жол шебері, Атырау жол дистанциясы бастығының орынбасары, учаске бастығы сынды лауазымдарды абыроймен атқарып, талай қиындықтарды бастан өткерді.

Темірзақ Кетейбайұлы өте тәжірибелі маман, жол жөндеу жұмыстарының барлық түрін мықты меңгерген азамат. Ол «Oliver Wupac» компаниясының жол шаруашылығының инфрақұрылымын басқару және пайдалану жүйесін өндіріске енгізу бойынша көп еңбек сіңірді. Нәтижесінде 2322 түйіспе жойылып, соның әсерінен рельстердің ақаулығы азайды, рихтовка, төсемнің шөгуге, қисаюуы жойылып, пойыздардың жүрісі жақсарды, жолдың жоғарғы қабатының материалдары үнемделді. Ол өзінің учаскесіндегі жолды күтіп-ұстауға, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жанын салатын. Оның учаскесінде негізінен баяғы ағаш шпалдар болғанына қарамастан, мобильді-диагностикалық кешен бойынша

«жақсы» деген көрсеткішке ие болатын және ол кезде жолда малға қоршау деген жоқ болса да оның учаскесінде малдың жолға шығып кетуіне жол берілмейтін. Өзінің адалдығы, іскерлігі, жұмысты дұрыс жоспарлап, ұйымдастыра білу қабілетінің арқасында ол талай жетістіктерге қол жеткізді, — дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының өндіріс жөніндегі орынбасары Аманқос Жылқыбаев.

Қажырлы еңбек, маңдай тердің арқасында Темірзақ Нұрбай салалық басшылық тарапынан талай марапатқа ие болды. Бұлттығы жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасын алса, биыл «Құрметті теміржолшы» төсбелігін кеудесіне тағып, саланың ең жоғарғы марапатына ие болды.

— Біз еңбек жолымызды бастаған жылдары бүгінгідей техника жоқ, көп жұмыс қолмен жасалатын. Ол кезде ағаш шпалдар отырып, отырылып, жарылып, сынып кету де жиі орын алатын. Оларды уақытты ауыстырып отыру жолшының міндеті болды. Алматы қоюға дайын материал да тапшы болып, бірін біріне жамап, қалай да тығырықтан шығып, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз еткенше тыным таппайтынбыз. Бүгінде түйіспеіз ұзын өлшемді рельстер, темірбетон шпалдар, кешенді жол техникасы бар, қысқасы, жұмыс істеудің өзі жанға рахат сыйлайды, — дейді тәжірибелі жолшы.

«Әке көрген оқ жонар» деген осы шығар, Темірзақ Кетейбайұлының төрт ұлы да теміржолшы мамандығын тандапты. Қазір олар өлке темір жолының әр саласында абыроймен қызмет етіп, өз кәсіптерінің білікті маманы атанып жүр. Нұрбаев Нұрболат — ӨЧ-4 Сағызда аға электромеханик, Кетейбаев Еркебулан — РДПТ бөлімше кезекшісі, Нұржан — Рзд-265 СОБ механигі, ал Темірзақ Бекзат — жол шебері. Ал енді осы төрт ұл мен бір қызды дүниеге әкелген Бақытгүл Әжмағамбет темір жол көпірлерін қадағалау маманы. Зейнет жасына да жақындады. Отағасы екеуі көп жылғы еңбегінің жемісін көріп, немерелерін қызықтап, бақытты ата мен әже болып отыратын күн де алыс емес.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау  
Суретті түсірген автор

## ҚТЖ ҚҰРАМАСЫ – ЧЕМПИОН!



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жекелей ойындарда да теміржолшы-спортшылар жасындай жарқырады. Жүзуден қыз-жігіттеріміз қоржымымызға 2 алтын, 1 күміс, 1 қола салып, керемет нәтиже көрсетті. Константин Лимеренко (40 жасқа дейін), Геннадий Гордиенко (40 жастан жоғары) алтын медаль алса, Анель Жеңісқызы (40 жасқа дейін) күміс медаль, ал Татьяна Алимину (40 жастан жоғары) қоладан медаль тақты. Данаалық пен тапқырлықты, көрегенділікті қажет ететін стратег ойындар санатындағы шахмат, тоғызқұмалақ сынды спорт түрлерінен ҚТЖ 3 алтынмен толықты. Шахматтан Дәурен Сурабалинов пен Гүлжан Аманова, тоғызқұмалақтан Али Исабеков алтын алса, күмісті Еркебулан Тағыбергенов сыйлады. Ал үстел теннисінен теміржолшылар қашан да үздік, мақтұлықтарын баяғыда мойындаған. Роман Халилов қарсыластарына қамшы салдырмастан бірінші орынды жеңіп алса, Ленара Смайллова екінші, ал Әлия Жанпейісова үшінші орынды иеленді. Қара күш пен



шымырлықты қажет ететін қол күресі де теміржолшылардың сүйікті сайыстарының бірі. Бұл жарыстан әлем чемпионы атанған қыздарымыз да бар. Ол Алла Штрошерер болатын. Бірақ бұл жолы Алла 65 келден жоғары салмақтағы әйелдер қол күресінен екінші орынды місе тұтты. Ал 65 келге дейінгілер арасында Сымбат Несіп оң және сол қол бойынша армрестлинг жарысында



қарсыластарын таза жеңіп, чемпион атанды. Ал ерлер арасындағы армрестлинг жарысында 80 келден жоғары салмақта Жәнібек Кенжебаев алтын алса, 80 келге дейінгі ерлер қол күресінде Нұржан Сағидоллинов күмісті еншіледі.

Спартакиададың ашылу барысында сөз сөйлеген «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов спорт мерекесінің аясында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері тек спорттық жарыстарда ғана бас қосып, қайырымдылық шараларына да үлес қосатынын, жиналған қаражат мектептерде инклюзивті кабинеттер ашуға бағытталатынын атап өтті. Сонымен қатар іс-шара аясында қатысушылар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына да қолдау білдірді.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

## НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС НЫНЧЕ В МОДЕ



На станции Акадыр Карагандинской области прошел турнир по настольному теннису, посвященный 120-летию образования железной дороги Казахстана.

В мероприятии приняли участие сотрудники станции и структурных подразделений ШЧ-11, ПЧ-26, ЭЧ-12, ТД-11, ВЖДО.

По словам инструктора по спорту Куаныша Игитаева, на сегодняшний день железнодорожники активно участвуют в различных мероприятиях, пропагандируя здоровый образ жизни. Одним из популярных видов спорта среди работников железнодорожных структур считается настольный теннис.

Свободное от работы время сотрудники зачастую проводят в спортивном зале. Там они играют в волейбол, футбол, баскетбол и настольный теннис, где состязаются в ловкости, быстроте реакции и концентрации внимания, — рассказывает Куаныш Игитаев.

Соревнование прошло на одном дыхании и заставило изрядно поволноваться болельщиков, которые активно держали кулаки за своих фаворитов. В спортивном мероприятии приняли участие как мужчины, так и женщины. По итогам турнира среди прекрасной половины в настольном теннисе третье место заняла работница (ЭЧ-12) Айгүль Жакупова, второе — Алуа Болатқызы (ЭЧ-12) и первое место присуждено Батиме Мусаевой



(ЭЧ-12). В свою очередь мужчины были разделены на две лиги, так как желающих участвовать в турнире оказалось немало. И здесь жюри определило лучших игроков.

Во второй лиге третье место присуждено работнику ТД-11 Ардаку Бейсембаеву, второе — сотруднику ТД-11 Максату Шенгелбаеву и первое место Бейбиту Жаркылбаеву из ШЧ-11.

В первой лиге третье — Абай Медиев из ВЖДО, второе — Жалғас Рахымжан из ВЖДО и первое место — работник ЭЧ-12 Жетпис Дюсембеков. Все призеры турнира получили ценные подарки от профсоюзного комитета.

Светлана МОГАЙ, Караанда  
Фото автора

## ЦЕЛИ ДОСТИГЛИ



На станции Тобол Костанайского региона прошли вторые подряд учения противопожарных подразделений региона.

Если в первый раз огнеборцы отработывали тушение возгорания в подвижном составе, то теперь перед ними стояла задача сложнее — пожар в здании железнодорожного вокзала самой станции.

Вокзалы, как известно, полны людьми, что создает дополнительные сложности при возникновении на таких объектах ЧП. И чтобы в случае подобной ситуации личный состав чувствовал себя уверенно, действовал быстро и слаженно, здесь и было проведено тактико-специальное учение на тему «Условное тушение пожара на железнодорожном вокзале станции Тобол». К данным учениям были привлечены пожарный поезд станции Тобол, а также формирования противопожарных подразделений и звеньев гражданской защиты.

Как сообщил начальник негосударственной

противопожарной железнодорожной службы Костанайского региона Султан Смамбаев, участие в данных учениях принимали 30 человек личного состава, четыре единицы техники, включая пожарный поезд.

По тактическому замыслу учений, произошло короткое замыкание в будке зала ожидания вокзала станции Тобол с последующим возгоранием. На место немедленно были вызваны пожарные, началась эвакуация пассажиров и персонала вокзала. Привлеченные подразделения оценили зону возгорания, оценили направление и план действий, а затем приступили к локализации и ликвидации пожара. Вскоре пожар был ликвидирован, жертв и пострадавших нет.

Цель этих учений — отработка взаимодействия между негосударственной противопожарной службой и формированиями противопожарных звеньев Гражданской обороны, проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения пожаров, обучение оценке обстановки пожаров в учреждениях, определению решающего направления на пожаре, организации тушения пожара в сложных условиях и управлению личным составом при работе в боевой обстановке, — говорит Султан Смамбаев.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай



КАЗАХСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



КАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Әмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88,  
60-44-92

Басылымның таралымы 11 340  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы  
Ерболат Тілеуберенов,  
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:  
Р. Рахметов, С. Бекесова

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, аяе және су көлігі  
қызметкерлерінің қасиби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:  
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Семей: Куаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20  
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертбай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2,  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22,  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.